

**Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің 2022-2023 оқу жылына арналған  
психологтың жоспарлы түрде жасаған жұмыстарының  
ЖЫЛДЫҚ есебі**

Мектептегі психологиялық қызметінің негізгі бағыттары:

- Психологиялық диагностика
- Психологиялық түзету-дамыту
- Психологиялық алдын-алу
- Психологиялық кеңес беру
- Психологиялық ағарту

**Диагностикалық жұмыстар саны-25.** Оқушылармен жүргізілген диагностикалық жұмыстар-15, ата-аналармен-4, мұғалімдермен-6.

**Ағартушылық жұмыстар саны-11.** Оқушылармен-5, ата-аналармен-4, мұғалімдермен-2.

**Жеке кеңес алғандар саны-7.** Оқушылармен-4, ата-аналармен-3, мұғалімдермен-0.

**Топтық кеңес алғандар-15.** Оқушылармен-7, ата-аналармен-5, мұғалімдермен-3.

**Түзету –дамытушылық жұмыстар саны-13.** Жеке-0. Топтық-13.

**1-сынып оқушыларының мектепке бейімделуі жөнінде анықтама.**

Мектебімізде 2022-2023 оқу жылында 1 сыныбында 16 оқушы бар. Оның ішінде қыз бала-9. Ұл бала-6. Оқушылар мектеп жарғысындағы оқушының міндеттері мен ережелерін үнемі сақтап отырады. Күн тәртібінің орындалуы, мектеп формасының сақталуы, күнделікті толтыруы жақсы жағдайда. Оқушылардың сынып жетекшілерімен қарым-қатынасы жақсы деңгейде, оқушылар сабаққа көтеріңкі көңіл күймен келеді. Сынып жетекшілер оқушылармен жеке, топпен, жалпылама жұмыс жасайды.


Сынып жетекшілер сынып оқушыларының мектеп өміріне бейімделуіне жағдай жасауда, оқушылар денсаулығын сақтау мақсатында күнде ертеңгілік жаттығу, сабақ барысында кемінде екі рет сергіту жаттығулары жүргізіледі. Ата-ана тарапынан үйдегі оқытуға қадағалу бар.

Мектеп психологының жұмыс жоспары бойынша қыркүйек айында сыныптардың бейімделуін бақылау жүргізілді. Оқушылардың мектепке бейімделуі қалыпты жағдайда деген қорытынды жасалды.

1 сынып оқушыларының мектепке бейімделу деңгейін анықтау үшін Керн-Йерасек тесті алынды. Онда оқушылар «Ер адам суретін салу», «Сөздер көшірмелері», «Нүктелер көшірмесі» және отбасы суретін салды.

Менің отбасым» суретті тестінің қорытындысы бойынша бірінші сынып оқушыларының отбасындағы жағдайлары жақсы, эгоцентризмі және мазасыздану деңгейі орташа екендігін анықталды. Балалардың осы проблемаларын ескере отырып, оларды түзету-дамыту тренингін өткізу қажет екені байқалады.


«Баспалдақ әдістемесі» бойынша баланың өзін-өзі бағалау деңгейін жоғары оқушылар қатары көп екендігі анықталды.



Қыркүйек айында 1-11 сыныптар арасында сынып лидерін анықтау мақсатында социометрия әдісі жүргізілді. Зерттеуге 87 оқушы қатысты. Әр сыныптан сынып лидерлері анықталды.

Мектептің оқу- тәрбие жұмыс жоспары бойынша 5-12 желтоқсан аралығында бірінші сыныптардың бейімделуін бақылау әкімшілік тарапынан жүргізілді. 1 сынып оқушыларының мектепке бейімделуі қалыпты жағдайда деген қорытынды жасалды.

1 сынып оқушыларының ата-аналарынан бала мен қарым-қатынасы, баласының сабағына көңіл бөлуі туралы сауалнама жүргізілді. Нәтижесі: баламен қарым-қатынасы жақсы-100%, сабағына көңіл бөлуі: жоғары - 80%, орташа 20% және қыркүйек айында алынған сауалнамада «Балаңыз мектепке қаншалықты дайын?» деген сұраққа ата-аналар жауап жазды.



Нәтижесі:

Қазан айында 5-сынып оқушыларының мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау (Филлипе әдістемесі), мектеп оқушыларының мектепке бейімделуін зерттеу (1-5-8), мектептерге арналған жасөспірімдік сунцидтердің профилактикалық бағдарламасы (тест, зерттеу жұмысы). 5 сынып оқушыларымен балалардың таным процесін зерттеу әдістері арқылы оқушылардың қабылдау ерекшеліктері, есте сақтау, байқағыштық, логикалық ойлау қабілеттері анықталды.

Қатысқандар саны - 10 оқушы.

Қараша айында таным процесерін диагностикалау (2-3), «Тәуекел топты» анықтау жұмыстары жүргізілді. Оқушылардың оқуға деген көзқарасын анықтау мақсатында 5-7 сыныптар арасында сауалнама алынды. Сауалнамасының нәтижесі бойынша балалардың оқу мотивациясы екі деңгейде де көрініс бергенін анықтады. Сауалнамаға 35 оқушы қатысты. Қорытындылап айтқанда жоғары деңгейде - 25, орта деңгейде – 10 оқушының көрсеткіштері сай болды. Сонымен қатар 5-11 сыныптар арасында темпераменті анықтау мақсатында тест алынды. Нәтижесінде:

- А. Холерик 12 оқушы,
- Б. Сангвиник 10 оқушы,
- В. Флегматик 19 оқушы,
- Г. Меланхолик 13 оқушы.



Желтоқсан айында адаптация деңгейін анықтау мақсатында жоғарғы, орта, кіші топтармен жеке жұмыстар жүргізілді. 1 сыныбында «Сәлем мектеп» атты тренинг өткізілді.

5 сынып оқушыларынан мектептегі беймазалықтың нысанын анықтау мақсатында желтоқсан айында Филипстің «Мектептегі беймазалылық» тесті жүргізілді. Тестке 10 оқушы қатысты. Адаптация деңгейін анықтау мақсатында 5сынып орта буын, 1 сынып кіші буынға бейімделуі қалай жүріп жатқанын анықтау мақсатында сабақтарға қатыстым.

5 сынып оқушыларымен «Із кесуші», «Мен өмірді сүйемін», «Мінез құлықтарды зерттеу» атты тақырыптар да психологиялық тренингтер өтілді. Онда оқушылар өздерінің жас ерекшеліктеріне қарай нені білу керек екендігін білді. 5- сыныптың бастауыш сыныптан қандай айырмашылықтары бар екендігі туралы ойларын ортаға салды. Ата-аналармен «Баланың бас ұстазы- ата-ана» атты жиналыс өтті. Онда ата-аналарға балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты қандай өзгерістер болатындығы жөнінде кеңестер берілді. 5-сыныптың бейімделуі қалыпты жағдайда өтуде.

7 сынып оқушыларымен «Достық» атты тренинг өтті. Мақсаты: Оқушылардың қарым - қатынасын нығайту. Сынып ішінде ауызбіршілікті сақтауға шақыру болды.

4- сынып оқушыларын орта буынға бейімдеудегі алдын- алу мақсатында сауалнамалар алынды. «Оқушылардың оқу пәндеріне деген көзқарасы» атты сауалнаманың нәтижесі төмендегідей көрсеткіш көрсетті.

Пән аттары	Жақсы көретін пәндері	Сүйіп оқитын пәндері	Қиналатын пәндері
Қазақ тілі мен әдебиет	20 %	6 %	26 %
Математика	25%	20%	20%
Дүние тану	23%	46%	6 %
Орыс тілі	23%	6%	20%
Дене шынықтыру	15%	26%	-
Еңбек	10%	6 %	6%

Мектепте психологиялық алдын-алу жұмысы өте қажет, себебі ол балаға өзін-өзі тануға, өзін-өзі бағалауға көмектеседі. Психологиялық тренинг сабақтардан кейін және басқада қосымша жұмыстардан өткен оқушылар былай деп жауап береді:

- Мен өзімнің ішкі әлемімді білдім.
- Ойлау және қабылдауды қалай түсіну керектігін білдім
- Өз сыныптастарыма басқа көзқараспен қарадым
- Қандай да бір қиыншылық жағдайда да өзімді қалайша ұстауға болатынын білдім.

Мотивациялық қалыптастыру жұмысы одан әрі жүргізіледі, себебі психологиялық және эмоциялық жағынан жайлы сезінуі осыған байланысты, көбіне бұл мұғаліммен тәуелді. Берілген сауалнамадан оқушылар сынып жетекшілеріне мынадай жауаптар береді:

- ақ көңіл, ақжарқын болу
- шын көңілімен сөйлесуге
- жиі күлуге
- сөйлесіп, сыпайы болуға
- мұғалім сені тыңдамағанда ренжисің

Мектеп ата-аналарына анкета және тесттер беріліп, ата-аналар жиналысында өз ойларын ортаға салады, бірақ өкінішке орай жиналысқа ата-аналар сынып жиналыстарына аз келеді. Бастауыш және ортаңғы буын сыныптары арасында «Достық» атты ойын өткізіледі. Сонымен қатар ата-аналарға балаларының көңіл –күйіне көбірек көңіл бөлу ерекше айтылады. Оқушылардың өзі-өзіне қол жұмсау мәселесі жөнінде ата-аналармен презентация арқылы ақпарат берілді. Нәтижесінде алаңдататын жауаптар болған жоқ. Оқушылардың мазасыздық деңгейін анықтау үшін сауалнама жүргізілді. Сауалнама нәтижесі бойынша оқушыларды қорқыныштың, күйзелістің жоқ екені анықталды.

Бастауыш сыныптарда психогеометриялық тест алынып, оқушылардың психологиялық қасиеттері анықталды. Оқушылардың есте сақтау, ойлау қабілеттері де зерттелді.

Үлгермеуші оқушылардың ең алдымен үлгермеушілік себептерін анықтап алып оқушымен жеке әңгімелер өткізілді. Оқушылардың сабақтарына қатынасып, оларға қандай көмек қажет екені анықталды. Осы мақсатта оқушылармен сауалнама, тест алынып, оқушылардың қаншалықты деңгейде қабілеті бар екендігі анықталып, нәтижесі мұғалімдерге ескертіліп отырды. Өкінішке орай кейбір ата-аналар балаларына көңіл аударуды ұмытып кетеді.


11 сынып оқушыларымен оқу жылының басынан жеке жұмыс жоспары бойынша жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың типтік ерекшеліктеріне байланысты қандай кәсіпке бейімділігі бар екенін анықтау мақсатында сауалнама алынды. Тестке қатынасқан оқушылар саны- 7 оқушы. Тесттің нәтижесінде оқушылардың типтеріне байланысты пәндері және болашақта қандай мамандық иесі болатындығы анықталды.

Қаңтар айында 5-11 сыныптар арасында дөңгелек үстелдер, сауалнама, тренинг, тест, әңгіме әдістері өткізді. Мәселен «Өмір сен қымбатсың маған» атты 8-11 сыныптар арасында тренингтер өткізілді. Мақсаты: Өмірге деген құштарлықтарын ояту. Өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу. 5-6 сыныптар арасында жоспарға сәйкес «Өз мінез-құлқынды қалай тәрбиелейсің» атты тренинг өтті. Мақсаты: Оқушыларға мінез-құлық туралы түсініктерін кеңейту. Мінезді жетістіктер мен міндеттерді ажырата білу. Жақсылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

Ақпан айында «Мен қандай адаммын?» 5-6 сыныптар арасында тренинг өтті. 9-11 сынып оқушыларының кәсіби бағыттылығын анықтауға арналған Е.А. Климовтың әдістемесі алынды. **Мақсаты:** Оқушының кәсіби бағыттылығын анықтауға арналған тест. Осы тест арқылы оқушы өзінің қабілетін, қызығушылығын, мамандықты дұрыс таңдай білуін анықтайды.

Е.А.Климов әдістемесі

№	Оқушының аты-жөні	Табиғат	Техника.	Белгі жүйе	Көрк образ	Адам
	9-сынып					
		3-42%		1-14%	1-14%	2-28%



### Қорытынды:

Сынып оқушыларының басымы «Адам-табиғат» таңдаған 42%. Осы типтің өкілдері еңбектің объектілері ағзалар, өсімдіктер, жануарлар және биологиялық процестер болып саналады. Мұнда аграр, зоотехник, ветеринар, бақ күтуші, орманшы сияқты мамандықтар кіреді. Климов әдістемесінде «Белгілер жүйесін» 14%, «Көркем образ» 14% таңдаған. Бұл мамандықтар түрі: аудармашы, програмист, бухгалтер, экономист, корректор, іс-жүргізуші, сараптамышы.

Мұндай жұмыстар үшін кестелерге, формула, сызба, карталарға деген қызығушылықтары болғаны жөн. «Адам-адам» 28% еңбектің объектісі топтар, ұжымдар болып табылады. Мамандықтар қызмет көрсету сферасы, медицина, педагогика, юриспруденция және бейімінің айқындылығы орта деңгейде екенін байқатты. Кәсіптік бағдар беру 9 сынып оқушыларының арасында әр оқушының бейімділігін мінез-құлқының психологиялық типтерін, жекеленген мамандықтың салаларына бейімділіктерін, таңдаған мамандықтарының сәйкестіктерін, мамандық таңдауға көмектесу, тренинг сабақтар, анықтау мақсатында «Д.Голландтың тұлғаның типтерін анықтау тестісі» өтті.

Қорытынды: Голландтың кәсіби-тұлғалық типті анықтау нәтижесі 9 және 11 сынып оқушыларының басымы «Іскер типті» таңдаған 28%. Осы типтің өкілдері басымдылықты, өзін айналасын мойындағанын, жетекшілік жасағанды жақсы көреді. Басшылық, билік, жақсы қабілеттерді меңгерген. Әртіс, журналист, телеоператор, меңгеруші, директор, дипломат қызмет түрлерін қалайды. Әлеуметтік типті таңдаған 42% Жанындағыларға ақыл айтқыш, жаны ашып, аяушылық білдіріп тұрады. Ұнататын қызмет салалары: Психология, медицина, педагогика.

**Наурыз-мамыр айларында** «Дау-дамайды болдырмайық» 8-11 сыныптар арасында тренинг сабақтар өтті. Ағартушылық бағыты бойынша «Ата-аналар және олардың қарым-қатынасы» атты ата-аналар жиналысы өтті. 9-11 сынып оқушылары арасында мектеп жасындағы қыз балалардың жүкті болудың алдын-алу мақсатында қыз балалармен жыныстық тәрбие берудің және оқушылардың жүкті болып қалудың алдын алу тәрбиелік жұмыстар өтілді: «Қыздың жолы жіңішке» тренинг сабақ, «Қазақтың ұлттық психологиясындағы қыз бала тәрбиесі» дөңгелек үстел өтілді. 9 сыныптар мен 11 сыныптар арасында ҰБТ мен ОЖСБ-ға дайындыққа көмек көрсетудің бірнеше әдістері айтылып тренингтер өткізілді. «Стрессті қалай жеңуге болады?», «Сен және сенің болашағың», «Дүниетаным, өмірлік жоспар және кәсіби таңдау» атты дөңгелек үстелдер мен тренинг сабақтары өтті.

Сонымен қатар мектебімізде «Қауіпсіз интернет» атты тәрбие сағаттары өтті, оқушыларға, ата-аналарға түсіндірмелі жұмыстар жүргізілді. Мақсаты: кәмелетке толмағандардың, педагогтер мен ата-аналардың назарына агрессивті Интернет мазмұнының әсерінен болатын проблемаларды түсіну деңгейін арттыруға бағытталған ақпаратты жеткізу және оқушылардың өмірге деген құштарлықтарын ояту, өз-өзіне қол жұмсаудың алдын алу. Ата-аналар жиналысы өткізіліп арнайы жадынамалар таратылды. Оқушылармен тренинг, сурет сайыстары ұйымдастырылып, кітап

көрмелері де көрсетілді. 29 мамыр күні мектепшілік ата-аналар жиналысы өтіп. Онда ата-аналарға жазғы демалыста оқушылардың қауіпсіздігін қадағалау ескертіліп, қолхаттар алынды.

**Қорытынды:** Жалпы өткізілген тренингтер мен тестер мақсатына жетті. Барлық оқушылар белсене қатысып, қызығушылық танытты. Әрбір бөлімді мұқият тыңдап, қатесіз орындауға, сұрақ қоймауға тырысты. Осы алған тапсырмаларды қорытындылай отырып, оқушылар барлық сыртқы әсерлерді, қоршаған ортаны ойын арқылы танитының айтқым келеді. Сондықтан оқушы тәрбиелі, инабатты, ибалы, ізетті, қайырымды болу үшін, оған тәрбиені ойынмен байланыстырып берген өте тиімді.

**Шешімі:**

- Оқу-тәрбие үрдісінде қиындық тудыратын оқушыларға ерекше көңіл аударып, жекеше жұмыстарды жандандыру.
- Оқушылармен мұғалім және ата-ана арасында қарым-қатынас жағдайын туғызу
- Ата-аналардың өз балаларына деген сенімділігі мен қарым-қатынасының төменгі көрсеткішін жоғарлату мақсатында әртүрлі тақырыптарда семинар өткізу.

Мектеп психологы:  Ашықбаева А.Е

**Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектебі бойынша 2022-2023  
оқу жылындағы педагог-психологтың жыл бойы  
атқарылған жұмыс есебі**

Мектептегі психологиялық қызметінің негізгі бағыттары:

- Психологиялық диагностика
- Психологиялық түзету-дамыту
- Психологиялық алдын-алу
- Психологиялық кеңес беру
- Психологиялық ағарту

Диагностикалық жұмыстар саны-36. Оқушылармен жүргізілген диагностикалық жұмыстар-25, ата-аналармен-5, мұғалімдермен-6.

Ағартушылық жұмыстар саны-11. Оқушылармен-5, ата-аналармен-4, мұғалімдермен-2.

Жеке кеңес алғандар саны-7. Оқушылармен-4, ата-аналармен-3, мұғалімдермен-0.

Топтық кеңес алғандар-25. Оқушылармен-12, ата-аналармен-8, мұғалімдермен-5.

Түзету –дамытушылық жұмыстар саны-22. Жеке-0. Топтық-22.

***Психодиагностикалық бағытта:***

**Қыркүйек айында:** психологтың жылдық жоспарын құру, оқушылардың әлеуметтік картасы, социометрия әдістемесі, 9-сынып оқушыларының мамандық бағдарын анықтау.

**Қазан айында:** 5-сынып оқушыларының мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау (Филлипс әдістемесі), мектеп оқушыларының мектепке бейімделуін зерттеу (1-5-8), мектептерге арналған жасөспірімдік суицидтердің профилактикалық бағдарламасы (тест, зерттеу жұмысы).

**Қараша айында:** таным процестерін диагностикалау (2-3), «Тәуекел топты» анықтау.

**Желтоқсан айында:** оқушылардың темпераментін анықтау, мектеп басшыларын педагогикалық-психологиялық тұрғыда диагностикалау, қызығушылық картасы (6-7).

**Қаңтар айында:** мектепте буллизмнің деңгейін, бар-жоғын анықтау, дарынды балаларды анықтау.

**Ақпан айында:** оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау, оқушыларға проективті әдістер арқылы зерттеу жүргізу.

**Наурыз айында:** оқушылардың оқуға қызығушылығын, мотивациясын анықтау, 9-сынып оқушыларының мамандық таңдау бағытын анықтау.

**Сәуір айында:** 5-сынып оқушыларының мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау (Филлипс әдістемесі), 4-сынып оқушыларының пәнге қызығушылығын анықтау.

**Мамыр айында:** бітіруші сыныптардың көңіл-күйін анықтау.

### ***Профилактикалық бағытта:***

**Қыркүйек айында:** Мектептерге арналған жасөспірімдік суицидтердің профилактикалық бағдарламасы (ата-аналардан рұқсат қолхат алу), «Жас ерекшелік психологиясы» Баяндама. (1-5 сынып мұғалімдерімен түсіндіру жұмысы), ОЖСБ түсіндіру жұмыстары.

**Қазан айында:** TIMSS, PISA, PIRLS халықаралық зерттеу (баяндама)

**Қараша айында:** Мектептерге арналған жасөспірімдік суицидтердің профилактикалық бағдарламасы, Мұғалімдерді оқыту, Сынып ұжымы арасындағы жағымды атмосфера қалыптастыру мақсатында оқушылармен тренинг жүргізу(1-5-9), «Зиянды әдеттер зардабы» баяндама.

**Желтоқсан айында:** Басшылар арасындағы жағымсыз қарым-қатынастың алдын-алуға байланысты лекция, тренинг жұмыстары, Ұжымда жағымсыз атмосфераның алдын алу мақсатында тренинг.

**Қаңтар айында:** Діни экстремизмнің алдын алу бағытындағы сауалнама, ағарту жұмыстары, № 1 Консилиум, Бала тәрбиесі – ортақ міндет (ата-аналар жиналысы).

**Ақпан айында:** Бала құқығына байланысты мектеп инспекторы, мектеп аяжаны, клиника психологымен кездесу.

**Наурыз айында:** Мектептерге арналған жасөспірімдік суицидтердің профилактикалық бағдарламасы (ата-аналардан рұқсат қолхат алу), «Жас ерекшелік психологиясы» Баяндама. (1-5 сынып мұғалімдерімен түсіндіру жұмысы).

**Сәуір айында:** мектеп оқушыларының агрессиялық көңіл-күйін алдын-алуға байланысты жұмыстар (7-сынып).

**Мамыр айында:** ОЖСБ кезіндегі келеңсіздіктердің алдын алуға байланысты лекция өткізу, Ата-ана мен ұжым арасындағы жағымсыз көзқарастың алдын алуға байланысты баяндама, Ата-ана мен ұжым арасындағы жағымсыз көзқарастың алдын алуға байланысты баяндама.

### ***Психоконсультациялық бағытта:***

**Жыл бойы:** сынып жетекшілерге зерттеу нәтижелері бойынша кеңес беру, жас мамандарға бейімделуге байланысты кеңес беру, ата-аналар комитетімен жұмыс, сұраныс бойынша жеке және топық кеңес беру.

### ***Психокоррекциялық бағытта:***

**Қыркүйек, қазан, қараша:** «Тәуекел топ» балаларымен психокоррекциялық жұмыс, жеке және сұраныс бойынша жұмыс, диагностика нәтижесі бойынша жұмыс.

**Желтоқсан, қаңтар, ақпан:** 9-сынып оқушыларымен арт терапия элементтерін қолдану арқылы психокоррекциялық сабақ, қарым-қатынас дағдыларын қалыптастыруға арналған тенинг сабақ (8-сынып), таным

процестеріне байланысты тренинг сабақ (2-3), «Тәуекел топпен» релаксациялық жұмыс, сұраныс бойынша түзету-дамыту жұмыстары.

**Наурыз, сәуір, мамыр:** «Тәуекел топ» балаларымен коррекциялық жұмыс, жеке және сұраныс бойынша жұмыс, диагностика нәтижелері бойынша жұмыс, 5-сынып оқушыларымен бейімделуге байланысты жұмыстар, 8-9 сынып оқушыларымен стрессті жеңуге байланысты тренингтік жұмыстар.

**Қорытынды:** Жалпы өткізілген тренингтер мен тестер мақсатына жетті. Барлық оқушылар белсене қатысып, қызығушылық танытты. Әрбір бөлімді мұқият тыңдап, қатесіз орындауға, сұрақ қоймауға тырысты. Осы алған тапсырмаларды қорытындылай отырып, оқушылар барлық сыртқы әсерлерді, қоршаған ортаны ойын арқылы танитының айтқым келеді. Сондықтан оқушы тәрбиелі, инабатты, ибалы, ізетті, қайырымды болу үшін, оған тәрбиені ойынмен байланыстырып берген өте тиімді.

Педагог-психолог:

А.Е.Ашықбаева